


«Халықаралық ғылым мен білімді дамыту орталығы» ЖШС

БЕКІТЕМІН
ХҒБДО басшысы


Б.Ә.Кәдірғалиев
«13» қазан 2025 ж.



**Білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жүргізудің
ӘДЕП КОДЕКСІ**

Әзірлеуші:
Халықаралы ғылым мен білімді дамыту орталығы

Орал, 2025 ж.

**Білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жүргізудің
ӘДЕП КОДЕКСІ**

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
ГЛОССАРИЙ... ..	4

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-бап. Құпиялылықты сақтау.....	6
2-бап. Зерттеуге қатысушылардың келісімі.....	7
3-бап. Тәуекелдерді азайту	8
4-бап. Объективтілік және бейтараптық.....	8
5-бап. Зерттеуге қатысушылардың құқықтарын қорғау.....	9
6-бап. Кәсіпқойлық.....	10
7-бап. Жариялылық пен қолжетімділік.....	11

КІРІСПЕ

Педагогикалық зерттеулер оқыту мен тәрбиелеу процестерін зерттейтін педагогика ғылымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, педагогикалық зерттеулер бізге жаңа білім алуға және білім берудің тиімді әдістері мен тәсілдерін жасауға мүмкіндік береді.

«Білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жүргізудің әдеп кодексі» (бұдан әрі – Әдеп кодексі) ҚР ЖОО жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының озық тәжірибесі негізінде әзірленді, сондай-ақ «Халықаралық ғылым мен білімді дамыту орталығы» ЖШС білім беру саласындағы ғылыми-зерттеулер жүргізудің әдеп кодексі» негізінде жүзеге асырылады.

Әдеп кодексі білім беру саласындағы әдеп нормаларына сәйкес, әділ және сенімді ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ету үшін әзірленді. Әдеп кодексі зерттеушілердің әдеп нормаларына сәйкес мінез-құлқының жоғары стандарттарын сақтаудың және осы саладағы ғылыми-зерттеу қызметіне барлық қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың негізі болуы керек.

Аталған кодекс нормативтік-құқықтық сипатқа ие және республикадағы білім беру ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық қатысушылардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

ГЛОССАРИЙ

Анонимділік – зерттеуге қатысушылардың жеке басын куәландыратын мәліметтердің жарияланбауының және анықтау мүмкін еместігінің кепілі.

Әдеп жөніндегі кеңесші – зерттеушілерге зерттеу әдебінің мәселелері бойынша кеңес беретін сарапшы.

Әдеп жөніндегі кеңес – әдеп нормалары және қауіпсіздік тұрғысынан зерттеу жобаларын бағалауға жауапты ұйым немесе адамдар тобы.

Әдеп нормаларына шолу – зерттеу барысында туындайтын әдеп жөніндегі мәселелерді талқылау және шешу процесі, оны көбінесе әдеп жөніндегі кеңес жүргізеді.

Әділдік пен теңдік – зерттеудің барлық қатысушыларына тең мүмкіндіктер мен тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Білім беру саласындағы ғылыми зерттеушілер – ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтер, білім беру саласындағы ғылыми жобаларды (зерттеулерді) жоспарлайтын және жүзеге асыратын студенттер мен докторанттар. «Білім берудің барлық деңгейлерінің педагогтері» деп 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген барлық «педагогтарды» түсінеміз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ұйымдар – мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін немесе олардың бастамасымен жүргізілетін ғылыми, талдау, консультациялық және басқа да ұйымдар.

Зерттеудің адалдығы – зерттеу нәтижелерін бұрмалаусыз немесе теріс деректерді жасырмай ұсыну.

Зерттеу әдебі – зерттеу жүргізу кезінде әдеп нормалары мен дұрыс мінез-құлықты реттейтін нормалар мен құндылықтар жүйесі.

Зерттеу деректері – зерттеу мақсатына жету үшін зерттеуші арнайы жинаған және пайдаланылатын ақпарат.

Зерттеушінің жауапкершілігі – зерттеушінің өз іс-әрекеті мен зерттеудің салдары үшін жауапкершілігі.

Зерттеуге қатысушының жеке деректерін құпия сақтау (деидентификация) – жою, кодтау, бүркеншік аттарды беру және басқа да әдістер арқылы оның жеке басын анықтауды болдырмау мақсатында деректер мен зерттеуге қатысушы арасындағы байланысты жою процесі. Бұл анықтама «дербес деректерді иесіздендіру» ұғымының неғұрлым жалпы құқықтық анықтамасына қайшы келмейді: «жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер» (Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңы, 1-баптың 7- тармағы).

Зерттеуге қатысушының жеке деректері – зерттеуге қатысушының жеке басына қатысты кез келген ақпарат.

Зерттеуге қатысушы – зерттеуге қатысуға және ақпарат немесе деректерді қолдануға келіскен адам.

Зерттеудің қауіпсіздігі – зерттеуге қатысушылардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

Зерттеушінің субъективтілігі – зерттеушінің өзіндік алдын ала түсініктерінің немесе көзқарастарының зерттеу нәтижелеріне әсері.

Келісім – зерттеудің мақсаттары мен нәтижелерін түсінуді қамтитын зерттеуге қатысушының қатысуға ерікті және негізделген келісімі.

Құпиялылық – зерттеуге қатысушылар беретін жеке деректер мен ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден немесе жария етуден қорғау.

Мүдделер қақтығысы – зерттеушінің жеке мүдделерінің зерттеудің объективтілігі мен нәтижелеріне әсер етуі мүмкін жағдай.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-бап. Құпиялылықты сақтау

1.1. Құпиялылықты сақтау келісімі

Оқу-зерттеу процесі барысында зерттеушілер ақпаратты, соның ішінде құпия ақпаратты жинайды. Дегенмен, зерттеушілер құпиялылық туралы ақпарат беруде қатысушылармен барынша ашық болуы керек.

Білім беру саласындағы зерттеушілер білім алушының/оқушының жетістіктерін/сәтсіздіктерін, оның әлеуметтік жағдайын, ата-анасының/заңды өкілдерінің жұмыс орнын зерттеу барысында жиналған ақпараттың қатаң құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат кәмелетке толмаған білім алушының/оқушының ата-анасының/заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен немесе кәмелетке толған білім алушының/тәрбиеленушінің жазбаша келісімімен ғана ашылуы мүмкін.

Құпиялық туралы келісімдер ғылыми, академиялық немесе кәсіби қарым-қатынастардың басында білім беру саласындағы зерттеушілер мен басқа зерттеуге қатысушылар арасында жасалады және зерттеу шарттары өзгерген жағдайда қайта қаралады.

Білім беру саласындағы зерттеушілер зерттеуге қатысушылармен (білім алушылар, ата-аналар, тәрбиешілер және т.б.) байланысты құпия ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауы керек.

Барлық жағдайда құпия ақпаратқа тек зерттеушінің қол жеткізе алатыны және оған басқа ешкім қол жеткізе алмайтыны туралы нақты анықтама болуы керек.

1.2. Құпиялылық кепілдігі

Білім беру саласындағы зерттеушілер құпиялылық кепілдігін шектейтін кез келген заңдармен, ережелермен немесе жағдайлармен таныс болуы керек. Әдеп жөніндегі нормаларға сәйкес зерттеуге қатысушылар (білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер және басқа адамдар) құпиялылық кепілдігінің шарттарымен алдын ала таныс болуы керек.

Қоғамдық орындарда бақылау жүргізу кезінде, сондай-ақ қоғамдық немесе заңмен құпиялылық ережелері көзделмеген өзге де орындарда жүргізілетін зерттеулерге қатысты құпиялылық талап етілмейді.

Зерттеу деректер базасына немесе жазбалар жүйесіне жеке идентификаторларды енгізуді көздейтін жағдайда, зерттеушілер бұл идентификаторларды ақпарат жалпыға қолжетімді болғанға дейін жоюы керек.

Зерттеуге қатысушының жеке басы туралы деректерді жою немесе бүркемелеу мүмкін болмаған жағдайда, зерттеушілер деректерді басқа зерттеушілермен бөлісетін және қаралатын тұлғалардан рұқсат алуы қажет.

1.3. Құпия ақпаратты бөлісу және сақтау

Зерттеушілер компьютерлік желілер немесе басқа құралдар арқылы сақтау, жеткізу немесе бөлісу кезінде құпия деректер мен ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуі керек.

1.4. Дереккөздердің анонимділігі

Зерттеушілер өз жазбаларында, дәрістерінде, ресми парақшаларында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, егер осы тұлғалардың (білім алушылар, ата-аналар, педагогтер және басқа тұлғалардың) немесе олардың заңды өкілдерінің келісімі алынбаса, зерттеуге қатысушыларға қатысты жұмыс барысында алынған құпия ақпаратты жария етпеуі керек.

2-бап. Зерттеуге қатысушылардың келісімі

2.1. Ақпараттандырылған келісім

Зерттеушілер зерттеуге қатысушылардан немесе олардың заңды өкілдерінен алынған ақпараттандырылған келісімсіз зерттеуге қатысу үшін адамдарды тарта алмайды.

Зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісім – потенциалды қатысушының зерттеуге қатысқысы келетін-келмейтінін түсіну үшін білуі керек нәрселердің барлығы түсінікті тілде жазылған құжат.

2.2. Ақпараттандырылған келісім алу тәртібі

Зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісім қажет болғанда, зерттеушілер зерттеу басталғанға дейін зерттеуге қатысушылармен немесе олардың заңды өкілдерімен келісімге отыруы керек. Бұл ақпараттандырылған келісім зерттеудің сипаты мен зерттеушінің жауапкершілігін түсіндіреді; қатысумен байланысты кез келген тәуекелдерді атап көрсетеді, сондай-ақ ерікті қатысу мен кез келген кезеңде қатысудан бас тарту құқығын атап көрсетеді.

Зерттеу қатысушыларынан келісім алу қажет болмайтын жағдайлар:

- 1) зерттеу жобасы қатысушылар үшін ең аз тәуекелді қамтуы;
- 2) зерттеуге қатысушылардың ғылыми-зерттеу жүргізу туралы хабардар болуы.

Мұндай ерекше жағдайлар Әдеп жөніндегі кеңестің немесе мұндай орган болмаған жағдайда, ғылыми-зерттеу жүргізуде әдеп бойынша тәжірибесі бар басқа құзыретті органның мақұлдауын талап етеді.

Білім алушылар мен бағынышты тұлғалар

Зерттеуге қатысушылар ретінде білім алушылар немесе бағынышты тұлғалар болып табылатын ұйымдарда зерттеу жүргізген кезде, болашақ зерттеуге қатысушылар зерттеуге қатысудан бас тартқан жағдайда, білім беру саласындағы зерттеушілер оларды жағымсыз салдардан қорғауға ерекше назар аударуы керек.

Егер зерттеуге қатысатын балалар (18 жасқа толмаған) болса, білім беру саласындағы зерттеушілер ата-аналардан немесе олардың заңды өкілдерінен келісім алуы керек.

Жазба құралдарын пайдалану

Білім беру саласындағы зерттеушілер фотосуреттерді, фильмдерді, аудио немесе бейне жазбаларды қолданбас бұрын *зерттеуге* қатысушылардан, атап айтқанда білім алушылардан, қызметкерлерден және басқа да тұлғалардан ақпараттандырылған келісім алуы керек. Егер жазба жеке тұлғалардың жеке басына зиян келтірмейтін болса, аталған келісім талап етілмейді.

3-бап. Тәуекелдерді азайту

3.1. Зерттеу тәуекелі

Зерттеу тәуекелі – зерттеуге қатысу нәтижесінде қатысушыға физикалық, психологиялық, беделіне зиян келтіру ықтималдығы. Зиян тек зерттеуге қатысушыға ғана емес, білім беру саласындағы зерттеушіге де келуі мүмкін.

3.2. Зерттеу тәуекелдерінің түрлері

Зерттеу тәуекелдерінің түрлері минималды тәуекелден жоғары және төмен болып бөлінеді:

- минималды тәуекелден жоғары түрі зерттеуге қатысушылар үшін, әсіресе осал адамдар зерттеуге қатысқан кезде болатын жағымсыз оқиғалардың сипаты немесе ықтималдығы туралы елеулі белгісіздік бар зерттеулерге жатады;

- минималды тәуекелден төмен түрі зерттеуге қатысуға байланысты ықтимал зиян немесе ыңғайсыздық пен шамасы қатысушылардың күнделікті өмірінде не жалпы физикалық, не психологиялық тексерулерден, не сынақтардан өту кезінде кездесетінінен жоғары болмайтын зерттеулер жатады.

Зерттеудің осал қатысушылары – жағдайы немесе ерекшеліктері бар қатысушылар ретінде өздерінің құқықтары мен мүдделерін толық қорғауға мүмкіндік бермейтін тұлғалар санаты.

3.3. Ықтимал тәуекелдерді азайту

Білім беру саласындағы зерттеушілер:

- зерттеу әдістемесін әзірлеу, оны енгізу, тарату және нәтижелерді қолдану кезінде зерттеуге қатысушыларға, зерттеушілердің өздеріне және қоғамға зиян келтірудің ықтимал тәуекелдерін барынша азайтуы керек;

- зерттеудің жеке адам мен қоғам үшін барынша пайдасына ұмтылуы керек;

- осал зерттеуге қатысушылардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауға ерекше қамқорлық жасауы керек;

- зерттеуге қатысушылардың жеке, этникалық, мәдени, тілдік, әлеуметтік-экономикалық, білім және басқа да ерекшеліктеріне сезімтал болуы керек.

4-бап. Объективтілік және бейтараптық

Объективтілік принципі педагогикалық зерттеулердің негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Ол деректер мен зерттеу нәтижелерін

жинау, талдау және интерпретациялау процесінде объективтілікке қол жеткізуге ұмтылуды білдіреді.

Білім беру саласындағы зерттеудегі объективтілік зерттеушінің тәуелсіз және бейтарап болуын, зерттеу жүргізу кезінде субъективті болжамдар мен біржақтылықтан аулақ болуын білдіреді. Зерттеуші өз зерттеулерінің мүмкіндігінше бейтарап және объективті болуын қамтамасыз етуге ұмтылуы керек.

Педагогикалық зерттеулерде объективтілікке жету үшін мыналар қажет:

Әртүрлі дереккөздерін пайдалану

Зерттеуші әртүрлі деректер көздерін пайдалануы керек: бақылау, сауалнама, сұхбат, құжаттарды талдау және т.б. Бұл зерттелетін құбылыстың толық және объективті бейнесін алуға мүмкіндік береді.

Әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану

Әртүрлі зерттеу әдістерін қолдану әртүрлі ақпаратты алуға және алынған нәтижелерді растауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, әртүрлі деректер түрлерін алу және олардың негізділігін растау үшін сапалық және сандық зерттеу әдістерін қолдануға болады.

Деректердің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз ету

Зерттеуші бақылау мен тексерудің әртүрлі әдістерін қолдану арқылы мәліметтердің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етуі керек. Мысалы, қайталанатын өлшемдерді, сәйкессіздіктерді деректерді тексеруді және т.б.

Деректерді біржақтылықсыз талдау

Зерттеуші біржақты немесе субъективті болжамдарсыз деректерді талдауы керек. Ол фактілер мен дәлелдерге сүйене отырып, зерттеу нәтижелерін объективті түсіндіруге ұмтылуы керек.

Объективтілік принципі білім беру саласындағы зерттеулер үшін маңызды, өйткені ол педагогикалық тәжірибені дамыту және білім сапасын арттыру үшін пайдалануға болатын сенімді нәтижелерді алуға мүмкіндік береді.

5-бап. Зерттеуге қатысушылардың құқықтарын қорғау

Зерттеушілердің зерттеуге қатысатын адамдарды қорғау үшін бірнеше міндеттері бар. Бұл міндеттер заң талаптарына сәйкес келеді, сонымен бірге ғалымдар мен педагогтар ұстануға тиіс негізгі әдеп жөніндегі стандарттарға жауап береді. Зерттеушілер зерттеу жұмысының бір бөлігін басқа қызметкерлерге тапсыра алатынын есте ұстаған жөн. Дегенмен, жұмыс бөлінісі зерттеушілерді жауапкершіліктен босатпайды. Бұл міндеттер келесі негізгі санаттарға бөлінеді:

5.1. Қатысушылардың құқықтарын қорғау. Жауапкершіліктің бірінші деңгейі – қатысушының әл-ауқатын ғылым мен қоғам мүдделерінен жоғары қоятын ғылыми-техникалық тұрғыдан дұрыс ғылыми хаттаманы ресімдеу. Зерттеушілер ақпараттандырылған келісімге қол қойғанға дейін зерттеуге ешбір субъект тартылмауын қамтамасыз етуге жауапты. Білім беру саласындағы

зерттеушілер әлеуетті қатысушыға ақпараттандырылған келісімнің сәйкестігі үшін барлық қажетті ақпаратты беруге міндетті.

5.2. Хаттамаға сәйкес зерттеуді жүргізу. Білім беру саласындағы зерттеуші бекітілген хаттамаға сәйкес зерттеу жүргізуі керек және Әдеп жөніндегі кеңестің мақұлдауымен хаттамаға өзгерістер енгізуі мүмкін. Зерттеуші сонымен қатар деректердің тұтастығына және барлық есептердің сақталуына жауап береді.

5.3. Әдеп жөніндегі кеңестің талаптарын сақтау. Зерттеуші Әдеп жөніндегі кеңестің зерттеуді бастапқы бағалауға, аралық бақылауға және мақұлдауға жауапты болатынын білуі керек және Әдеп жөніндегі кеңеске осы функцияларды орындау үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынуы керек. Зерттеушілер Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындауға жауапты. Зерттеуші Әдеп жөніндегі кеңестің талаптары мен ережелеріне сәйкес зерттеуді жүргізу кезінде орын алған кез келген оқиғаларды Әдеп жөніндегі кеңеске баяндап, зерттеуді жүргізу кезінде туындаған мәселелер туралы, соның ішінде қатысушылардың шағымдары бойынша есеп беруі керек.

5.4. Зерттеу аяқталғаннан кейінгі зерттеушілердің міндеттері. Зерттеу аяқталғаннан кейін зерттеушілердің рөлі мен жауапкершілігінің маңыздылығы артып келеді.

Зерттеу жауапкершілігі сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің педагогтер қауымына қолжетімді болуын қамтамасыз ететін әрекеттерді қамтиды.

6-бап. Кәсіпқойлық

Кәсіби әдеп нормаларын сақтау – педагогикалық зерттеуші жұмысының маңызды аспектісі. Кәсіби әдеп нормалары зерттеушінің мінез-құлық стандарттарын анықтайды, оның ішінде келесі аспектілер:

Зерттеуге қатысушыларға құрмет көрсету. Бұған деректердің құпиялылығын сақтау және барлық зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау кіреді.

Инклюзивтілік. Зерттеуші үшін зерттеуге қатысушылардың мәдени, әлеуметтік және әдеп жөніндегі контексттерінің әртүрлілігін ескеру және зерттеу процесіне барлық топтар мен жеке тұлғаларды қосуға ұмтылуы маңызды.

Адалдық пен шынайылық. Зерттеуші деректердің объективтілігі мен сенімділігін сақтай отырып, өз жұмысының нәтижесін бұрмаламай, асыра сілтеусіз шынайы ұсынуы керек.

Ашықтық. Зерттеу ақпаратын жариялау және ұсыну ашық, түсінікті және де басқа зерттеушілер зерттеуді тексеріп, қайталай алатындай қолжетімді болуы керек.

Жауапкершілік. Зерттеуші өз зерттеуінің салдары мен оның оқу-тәрбие процесіне әсері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.

Заңдардың сақталуы. Зерттеуші зерттеу жүргізу мен деректерді пайдалануды реттейтін заңдар мен ережелерді сақтауы керек.

Кәсіби әдеп нормаларын сақтау білім беру саласындағы зерттеушілерге зерттеуге қатысушылармен сенімді қарым-қатынас орнатуға, жоғары сапалы және әдеп нормаларына сәйкес зерттеулерді қамтамасыз етуге және білім беруді одан әрі дамытуға ықпал етуге мүмкіндік береді.

7-бап. Жариялылық пен қолжетімділік

Әдеп кодексі зерттеулердің **жариялылығы мен қолжетімділігін тікелей қамтамасыз етпейді**, бірақ сонымен бірге білім беру саласындағы зерттеудің әдеп қағидаларын ұстану **оның кеңірек таралуына және қолжетімді болуына ықпал етеді**, бұл білім беру саласындағы ілгерілеу үшін маңызды.

Білім беру саласындағы зерттеулерін жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтау ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиісті сапасы мен сенімділігін қамтамасыз етудің кілті болып табылады.

Білім беру саласындағы зерттеушілер әдеп нормалары мен мінез-құлықтың негізгі қағидаларын ұстануы керек.

Құпиялылықты сақтау: зерттеуге қатысушылардың жеке ақпаратын қорғау басымдық болып табылады. Қатысушылардан олардың деректерін пайдалануға келісімін алу және нәтижелерді жариялау кезінде анонимділігін қамтамасыз ету қажет.

Адалдық және тұтастық: Зерттеушілер зерттеу нәтижелерін ұсынуда шынайы және объективті болуы керек, белгілі бір қорытындыларды растау үшін деректерді бұрмалау немесе бұрмалауды болдырмайды.

Плагиат пен авторлық құқықтың бұзылуын болдырмау: Плагиатқа жол бермеу және басқа ғалымдардың зияткерлік меншігін құрметтеу үшін ақпарат көздері мен алдыңғы зерттеулер анық көрсетілуі керек.

Білім беру саласындағы зерттеушілер зияткерлік өнімге елеулі үлес қосқан ғалымдарды авторлар тізіміне қосылуын қамтамасыз етуі керек. Егер барлық авторлар бірдей жұмыс атқарса, авторлар алфавиттік тәртіппен (еңбек өтілі немесе басқаша сілтемесіз) тізімделуі керек. Ал егер, бір автор зерттеуге көбірек үлес қосса, бұл автор тізімге бірінші енгізілуі мүмкін.

Қатысушыларға әдеп нормаларына сәйкес қарым-қатынас: Зерттеушілер зерттеуге қатысушыларға құрметпен қарауы, зерттеудің мақсаттары мен процедуралары туралы нақты ақпарат беруі және олардың әлауқаты мен жайлылығын ескеруі керек.

Зерттеу әдіснамасы мен процесінің ашықтығы: Нәтижелердің қайталануы мен сыналуын қамтамасыз ету үшін зерттеу әдіснамасы мен процесінің сипаттамасы анық және толық болуы керек.

Зерттеу салдарына жауапкершілік: Зерттеушілер өз зерттеулерінің қоғамға тигізетін ықтимал салдарын білуі және нәтижелерді жариялау кезінде осы аспектілерді ескеруі керек.

Әдеп жөніндегі қағидаларды сақтау зерттеудің сапасын арттырып қана қоймай, ғылыми қоғамдастық пен оқу орындарына деген сенімді нығайтуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ // Әділет: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
2. Дербес деректер және оларды қорғау туралы: Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңы // Әділет: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
3. KERA: Этический кодекс исследователей образования Казахстана. – Первое издание. – Нур-Султан: Казахстанское общество исследователей в области образования, 2020. – 68 с.
https://ppu.edu.kz/doc/gg140323/KERA_rus
4. «Ғылыми әдептің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»_Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 529 бұйрығы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035392>